



**Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оны иеліктен шығаруға рұқсат алуға арналған өтініш нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 16 мамырдағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 мамырда № 32500 болып тіркелді

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 188-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған стратегиялық объектінің меншік иесінің (құқық иеленуші) стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оны иеліктен шығаруға рұқсат алуға арналған өтініш нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі  
2023 жылғы 16 мамырдағы  
№ 66 Бұйрығымен  
бекітілген

Нысан

**Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оны иеліктен шығаруға рұқсат алуға арналған өтініш нысаны**

1) Стратегиялық объектінің меншік иесі туралы деректер (стратегиялық объектінің меншік иесінің атауы, орналасқан жері) \_\_\_\_\_  
(стратегиялық объектінің кадастрлық нөмірі)

2) Азаматтық-құқықтық мәміле жасасу жоспарланып отырған тұлға туралы деректер (акцияларды қаржы нарығында сатуды, кепілге салынған мүлікті (стратегиялық объектіні) иеліктен шығаруды қоспағанда) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (азаматтық-құқықтық мәміле жасасу жоспарланып отырған тұлғаның атауы, орналасқан жері)

\_\_\_\_\_ (азаматтығы туралы, ол болмаған кезде тұрақты орналасқан жері, тұратын мекенжайы

(жеке тұлғалар үшін) туралы мәліметтер)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлға ретінде тіркелген жері және нақты орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) туралы мәлімет)

\_\_\_\_\_ (стратегиялық объектілердің түрлерін көрсете отырып, стратегиялық объектілердің азаматтық-құқықтық мәмілесін жасасу жоспарланып отырған адамның меншігінде болуы туралы мәліметтер)

\_\_\_\_\_ (тұлғада стратегиялық объектілерге (стратегиялық объектілерді және сатып алушының түпкілікті бенефициарларын көрсете отырып) меншік құқығының (өзге де заттық құқықтарының) болуы туралы мәліметтер)

\_\_\_\_\_ (стратегиялық объектіні сатып алушының нақ осы саладағы оның үлестес тұлғаларымен өзара байланыстағы құрылымы)

3) Стратегиялық объектіні құру туралы ақпарат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (стратегиялық объектінің қызмет саласы)

4) Стратегиялық объектінің жалпы сипаттамасы және оның техникалық сипаттамалары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (стратегиялық объектінің құны (оның нарықтық құнын айқындайтын бағалау туралы есепке сәйкес)

5) Иеліктен шығару (үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу) бойынша жасалатын азаматтық-құқықтық мәміленің негіздемесі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Иеліктен шығару (үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу) жөніндегі азаматтық-құқықтық мәмілені жасаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін

салыстырмалы талдау

Қосымша: \_\_\_\_\_

("Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 188-бабының 1 және (немесе) 2-тармағында көрсетілген құжаттар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК